

## БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

## Білім беруді нығайтудағы көзқарасым

ЖАРИЯЛАНДЫ  
29.08.2024СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/162395/

Аманжол Гүлзира Өсербайқызы

Қазақстан Республикасының білімді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында «...басты нәрсе білім, білік дағдыларды механикалық түрде беру емес, ақпараттық-интеллектуалдық ресурстарды өз бетімен ала алатын, талдай білетін, идея бере алатын, ылғи даму үстінде болатын және жылдам өзгерістегі әлем жағдайында іске асыра алатын тұлға қалыптастыру болып саналады» — деп көрсетілген.

Бүгінгі күні барлық елдер жоғары сапалы білім жүйесімен жұмыс істеуде. Өйткені қазіргі заманда елдің бәсекеге қабілеттілігі оның азаматтарының парасаттылығымен анықталады, сондықтан білім беру жүйесі болашақтың талабына сәйкес дамуы тиіс. Оқушыларды заманауи әдіс –тәсілдермен оқытып, ой-өрісі кең, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттілігі де осы себептен туындап отыр. Оның үстіне білім берудің жүйесін қарқынды дамытқан бұл үрдістің жалпы білім беретін мектептерге де енгізіле бастауы көңілді қуантады.

Сондықтан білім беруді дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны іске асыру кәсіби-құзырлы тұлғаны қалыптастыруды, кәсіби мәселелерді өз бетімен шешуге қабілетті маманды қамтамасыз ететін білім беру жүйесін тиімді құруды, кәсіби қызметтің қоғамдық және жеке тұлғалық мәнін, оның нәтижесінде жауапкершілікпен қарап, сезінуді болжайды.

Сонымен қатар қай мемлекетті айтар болсақ негізгі тірегі — білімді, білікті, іскер, белсенді адамдар екені өтірік емес. Сондықтан, қоғам талабына сай ол қоғамды көркейтетін, дамытатын жастар тәрбиелеу ең маңызды мәселе екені даусыз.

Білім берудің маңызды шарты — оқу үрдісін жаңарта отырып, оқушылардың қызығушылығын, арттыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту, зерттеушілік іс-әрекетін жоспарлау олардың өздігінен білім алуға құштарлығын жетілдіру, қол жеткен табыстарды сын көзбен бағалай отырып саралауда мұғалім іс-әрекетін жаңаша тұрғыда ұйымдастыру.

Жастарды қоғам өмірінің барлық саласында да, соның ішінде білім алу да тек деректер жинап, жалпы хабардар болуымен шектелмей, терең білімді, ізденімпаз, барлық әрекетінде шығармашылық бағыт ұстанатын, сол тұрғыда өз болмысын таныта алатын жеке тұлғаны тәрбиелеу-уақыт талабынан туындап отыр.

Білім беру жүйесі қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуында жетекші рөл атқарады. Қазіргі таңда қоғамда болып жатқан өзгерістерге байланысты қоғам шығармашылық әрекет пен шығармашыл тұлғаға мұқтаж екенін күнделікті өмірдің өзі дәлелдеуде. Осыған орай бүгінгі күні орта білім беретін мектептерге үлкен талап қойылуда.

Бұрын орта мектептің негізгі міндеті білім беру мен дағды біліктіліктерін қалыптастыру болып келсе, қазіргі міндеті: ойы ұшқыр, шығармашылық қабілеті жоғары, өмірге икемді, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны тәрбиелеу.

Жеке тұлғаны қалыптастыру тек қана әлеуметтік жағдайда ғана жүзеге асады, яғни адамның табиғи қабілеттеріне қоршаған орта әсер еткенде ғана толық ашылады.

Ал, балаға бірден-бір әсер ететін орта-мектеп. Сондықтан да жеке тұлғаны қалыптастыру міндеті мектепке жүктеліп, оқушының жеке қабілеттерін дамытуда, дарынын ашуда және қоғамдық белсенді әрекетін жүзеге асыруда мұғалімдердің іс-әрекеті мен озық тәжірибесі, қабілеті мен шеберлігі шешуші рөл атқарады.

Оқыту ісіне жаңа тәсілдер дайындау, өзара нұсқаулық-ақпараттық қатынастан білім алуға деген сұраныстарды қанағаттандыруға, жеке тұлғаға бағытталған өзара көшу- педагогикалық ғылым мен тәжірибенің алдына қойылып отырған үлкен міндет.

Мұғалім дамымай оқушы дамымайды. Қазіргі заманғы ақпараттық және білім беру технологияларын пайдаланбай, оқушы мен мұғалімнің жұмысының сапасын арттырамын деуге болмайды. Ұлтымыздың ұлы ұстазы -Ахмет Байтұрсынов. «Білім-біліктілікке жеткізер баспалдақ, ал біліктілік сол білімді іске асыра білу дағдысы» деп, білім мен біліктілік жайлы үлкен ой айтқан. Сондықтан да білім берудің нәтижелігі мұғалімнің шеберлігі, шығармашылығы мен оның тікелей кәсіби құзыреттілігіне тікелей байланысты.

Шығармашыл мұғалімнің білім берудегі мақсаты- әр түрлі деңгейдегі білім беру әрекеттерінің жоспарланған нәтижесіне жету. Мұғалім өз жұмысында оқушылардың қабілеттерін анықтап, оларды оқыту, жетілдіру, ғылымға бейімдеу, бала дарындығын ашу, оны дамыту, бала бойындағы зерттеушілік іс-әрекетін, қабілеттілік белгілерін көре алуы мұғалімнің шеберлігін қажет етеді.

Жас ұрпақты жан-жақты, терең білімді, интеллектуалдық деңгейін жоғары етіп қалыптастырудың бірден-бір жолы- оқушыға білімді терең игертудің әдіс-тәсілдерін

ізвестіру, шығармашылыққа және зерттеушілік іс-әрекетке жетелеу.

Жеке тұлға қабілеттерін дамытуға бағытталған оқыту процесі әр педагогтың өзіне, өз ісіне және өзгеге деген жауапкершілікті арттырып, оқушымен қарым-қатынасы берік сенімге негізделгенде ғана игі нәтижесін байқатуы мүмкін.

Оқушылардың өзіндік жұмысы- танымдық іс-әрекеттері формаларының бірі болып табылады. Сондықтан, бұл жұмыстардың тиімділігі мұғалімнің осы іс-әрекетті инновациялық технологиялар арқылы дұрыс жоспарлау біліктілігіне байланысты болады. Қазіргі кезде оқытуға қойылатын негізі талап- оқушылардың белсенді іс-әрекеттік сезімін оята отырып, жаңа инновациялық технологиялар арқылы өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру және оларды басқара білу. Ол біріншіден, оқушыларды өз бетінше іздендіретін, одан жаңа ақпарат алатындай оқу материалын берудің құрылымын қайта құруды талап етеді. Екіншіден, оқушылардың өзіндік іс-әрекетіне деген мұғалімнің көзқарасын өзгертуді талап етеді. Яғни, мұғалім қазіргі кезде белсенді емес, оқушылардың өздері белсенді жасампаз күш болатын, оқытудың ұйымдастырушысы және басқарушысы болуы қажет.

Сонымен ұстаздар әр бала қабілетін жоғары төмендігіне қарамастан өзінше тұлға, табиғаттың таңғажайып құбылысы және әр баланың күнделікті өмір тіршілігі өзінше бір тағдыр екенін ескеруі қажет. Тағдырға жауапкершілікпен қараған дұрыс. Заманымыздың талабына сай білім сапасы жоғары оқушылардың құзырлығын дамыту арқылы үлкен нәтижеге жетіп, жемісін көреміз деп сенемін. Үйренгеніміз де, үйренеріміз де көп Үнді халқының тарихи тұлғасы Махатма Гандидің «Егер сен болашақтағы өзгерісті байқағың келсе, сол өзгерісті уақытында жаса» деген ілімін негізге ала отырып, оқушы бойындағы қабілетті жетілдіріп, оқушыларды болашаққа жетелеу – біздің мақсатымыз.

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.